Уважаемый Берик Уалиевич, по последним решениям и обращениям Главы государства в блогосфере публикуются различного рода интерпретации. Сегодня вы сделали заявление касательно этого вопроса. Расскажите, пожалуйста по подробнее об этом.

Да, в эти дни в блогосфере количество разного рода интерпретаций о решениях и обращениях Президента по текущей ситуации в стране значительно возросло. В связи с этим, я счел необходимым сделать специальное заявление. Касым-Жомарт Токаев является высшим должностным лицом государства, Председателем Совета Безопасности. И в этом качестве он самостоятельно принимает решения. Так было и в трагические дни нападения бандитов на Казахстан с целью подрыва конституционного строя. Все свои обращения к соотечественникам он по традиции писал сам, не прибегая к поддержке консультантов». В этой связи, позвольте еще раз напомнить, что никто кроме пресс-секретаря Президента Казахстана, не должен развешивать деятельность Касым-Жомарта Токаева в средствах массовой информации.

Сейчас практически все мировые СМИ с пристальным вниманием следят за развитием ситуации в Казахстане. На Касым-Жомарта Токаева как на Главу государства и Верховного главнокомандующего ложится колоссальная ответственность и нагрузка. В последние дни Пресс-служба Президента стала главным ньюсмейкером страны. Информационные сообщения из Акорды поступают круглые сутки, днем и ночью. Расскажите пожалуйста, в каких условиях работает Глава государства в эти напряженные дни?

Хочу откровенно сказать, что Касым-Жомарт Кемелевич Токаев с 4 января, когда митинги в Мангистауской области приобрели масштабный характер, распространившись на все регионы страны, и по сей час находится на своем рабочем месте в Акорде. Он круглые сутки в non-stop режиме, практически без сна уверенно держит руку на пульте управления страной, принимая самые решительные дей-

ствия для стабилизации ситуации.

4 января началась стремительная эскалация ситуации в ряде регионов. Расскажите подробней об этом дне. Что в это время происходило в Акорде?

Так совпало, что в этот день у меня был день рождения, который я отмечал дома в кругу семьи. В 22.20 ко мне поступила информация, что через 40 мин Касым-Жомарт Кемелевич планирует выступить с заявлением по поводу ухудшения ситуации на фоне беспорядков. Через 20 мин я уже находился в Акорде. Наша пресс-служба оперативно отработала все необходимые организационные моменты для записи выступления. При этом тогда в зале уже находился Касым-Жомарт Кемелевич. Времени на подготовку выступления не было. Там же за 20 минут Президент сам сформулировал весь текст выступления, который продиктовал своему помощнику на компьютере. Сразу после этого со спич-трибуны было записано заявление, которое через 30 мин уже было показано на телеканалах. С тех пор и по сей час Глава государства и все руководство Администрации Президента находятся в Акорде, круглосуточно отслеживая ситуацию в стране и принимая оперативные решения.

Все происходящее сейчас однозначно останется в истории как один самых трудных периодов для страны. Расскажите о хронологии этих событий.

Действительно, то, как дальше развивалась ситуация, в том числе в Акорде, останется в памяти на всю жизнь. Говоря о хронологии развития событий, когда стало очевидным, что большинство так называемых «протестующих» в Алматы и ряде других регионов страны преследуют совсем иные цели и являются настоящими террористами и преступниками, стало понятно, что это настоящая угроза целостности государства.

Примерно в 2 часа ночи 5 января Президент принял решение ввести чрезвычайное положение в Мангистауской области и городе Алматы.

В 5.30 утра Президент вызвал меня к себе в кабинет и сообщил, что через полтора часа ровно в 7 часов он проведет срочное совещание, на котором объявит о принятии решения об отставке Премьер-министра Аскара Мамина. Касым-Жомарт Кемелевич дал мне поручение, что через 5 мин сразу после начала совещания немедленно опубликовать на официальном сайте Акорды информацию об отставке Правительства, а затем с интервалом в 15 мин своевременно выдать указы о назначении Ерлана Карина Государственным секретарем и Мурата Нуртлеу на должность первого заместителя КНБ. Потом он мне сказал: «Уже 6 часов утра. У тебя есть ровно час на подготовку пресс-релиза о предстоящем совещании».

На фоне продолжения дестабилизации ситуации ровно в полдень Президент принял решение о введении режима ЧП в Нур-Султане и Алматинской области.

После обеда стало известно о том, что Касым-Жомарт Кемелевич Токаев возглавил Совет Безопасности. Это стратегически важное решение стало поворотным моментом.

В 18.30 Глава государства выступил с обращением к народу Казахстана, в котором дал оценку ситуации и заявил, что как глава Совбеза намерен действовать максимально жестко в отношении хулиганствующих элементов.

Сразу после этого Касым-Жомарт Кемелевич подписал указы о введении чрезвычайного положения во всех остальных регионах страны. Вечер Президента продолжился телефонными переговорами со всеми главами государств ОДКБ.

В 23.30 этого же дня он провел первое под его председательством заседание Совета Безопасности, в ходе которого заявил о начале контртеррористической операции в Алматы, а также сообщил о решении обратиться к главам государств ОДКБ оказать помощь нашей стране в преодолении террористической угрозы.

6 января в час после полуночи Президент произвел ряд важных кадровых назначений в системе Комитета национальной безопасности и Службы государственной охраны. В частности, вместо Карима Масимова председателем КНБ был назначен Ермек Сагимбаев. Сакен Исабеков возглавил Службу госохраны. В полдень кадровые решения продолжились сменой руководителя Агентства по стратегическим реформам.

В полдень Касым-Жомарт Токаев дал Правительству ряд срочных поручений, направленных на стабилизацию ситуации. В этот же день Глава государства провел телефонные переговоры с президентами Узбекистана и Турции.

7 января в 7 часов утра Касым-Жомарт Кемелевич провел заседание контртеррористического штаба.

В 14.30 Президент Казахстана выступил с очередным обращением к народу. В своей речи он заявил о том, что правоохранительным органам и армии им дан приказ открывать огонь на поражение по террористам без предупреждения.

В полночь 8 января Глава государства на своем аккаунте в твиттере опубликовал серию твитов на английском языке с разъяснениями о конкретных причинах произошедших в стране событий, адресованное международному сообществу.

Касым-Жомарт Кемелевич провел очередное заседание контртеррористического штаба, в полдень принял и.о. министра по чрезвычайным ситуациям. В обед Президент провел телефонные переговоры с президентами России и Беларуси, а также с эмиром Катара. Сразу после этого он подписал Распоряжение об объ-

явлении 10 января днем общенационального траура в связи гибелью людей в результате совершенных в стране террористических актов. К вечеру Касым-Жомарт Токаев подписал ряд кадровых распоряжений.

Президент провел очередное заседание оперативного штаба, в ходе которого он поручил создать Правительственную комиссию по вопросам ликвидации последствий, причиненных в результате беспорядков в отдельных регионах.

К этому моменту начиная с 4 января прошло уже почти 120 часов непрерывной работы Касым-Жомарта Кемелевича в Акорде. При этом необходимо отметить, что Президент принимает руководителей силовых и других ведомств, работает с документами, различными данными и аналитическими материалами, заслушивает доклады, получает актуальные сводки по текущей ситуации в стране. Он получает выверенную информацию по всем каналам связи.

Судя по хронологии событий, очевидно, что Глава государства держит контроль над страной круглосуточно. А как же время на отдых и восстановление сил?

Вы прекрасно видите текущую ситуацию в стране. Думаю, что самый тяжелый период уже позади. Глава государства заявил, что конституционная законность постепенно восстанавливается во всех регионах. Поэтому я убежден, что в такое сложное для страны время в интенсивном графике работы находить время для сна весьма сложно. Насколько я знаю, Касым-Жомарт Кемелевич в среднем спал за этот период по 2 часа в день.

И последний вопрос, расскажите, каковы цели и задачи миротворческой миссии ОДКБ в стабилизации текущей ситуации в стране.

Главная миссия миротворческих сил ОДКБ, находящихся сейчас в Казахстане, заключается в обеспечении охраны стратегических объектов. Это разгрузило наши вооруженные силы и позволило им сконцентрироваться на борьбе с ликвидацией террористов в Алматы и Алматинской области. Как только ситуация в стране стабилизируется, миссия миротворческого контингента ОДКБ завершится, и миротворцы вернутся в свои страны. Также хочу сообщить, что завтра по предложению Президента Касым-Жомарта Токаева в онлайн-формате состоится внеочередная сессия Совета коллективной безопасности ОДКБ, в ходе которой он подробно расскажет коллегам по блоку о текущей ситуации в Казахстане. Информация об итогах предстоящего саммита будет опубликована на официальном сайте Акорды.

АУЫР ЖЫЛ БОЛҒАНЫМЕН,

Бүкіл әлемнің тынысын тарылып, өкпесін қабындырған биылғы жылдың да жал-құйрығы күзелетін кезге келдік. Ел де, елге тұтқа азаматтар да үлкен сынақтан өтті. Жаһанды жүрісінен жаңылдырған індет кезінде мемлекет нақты қандай әрекет жасады? Президент қандай шешімдер қабылдады? Осындай күрделі, қиын-қыстау кезеңде атқарылған жұмыстардың жай-жапсары, ауқымы жайында Президенттің Баспасөз хатшысы Берік Уәли.

– Берік Уәлиұлы, биыл адамзат баласы ең қатерлі індетпен күрескен қауіпті жыл ретінде тарихта қалайын деп тұр. Коронавирус жекелеген адамдардың тұрмыс-тіршілігі түгілі, тұтас мемлекеттердің дамуына кері әсер етіп, әлемді саяси және экономикалық дағдарысқа әкеп тіреді. Президент пандемияға қарсы күресте қандай бағыттарға басымдық берді?

– Расында, бұл жыл тұтас адамзатты тығырыққа тіреген, жер-жаһанды бір тарының қауызына сыйдырып жібергендей өбiрге түсірген, өте бір ауыр жыл болды. Адамзат көзге көрінбейтін «жаумен» алысып, майдан даласында онымен қалай күресерін білмей, біраз абдырады. Сондықтан 2020 жыл әлемнің бір бөлшегі Қазақстан үшін де оңай болған жоқ. Дегенмен дертпен күресте біздің мемлекет те ұтымды шешім қабылдай алды. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы коронавируc індетінің өршіп, тез таралуына байланысты халыққа Үндеу жариялап, елімізде 30 күндік төтенше жағдай енгізіп, алғашқы толқынның алдын алғаны сөзімізге дәлел бола алады. Мемлекет басшысы індеттің салдары ауыр болатынын, онымен қатаң тәртіп арқылы күреспесе болмайтынын алғашқылардың бірі болып айтып, соған сәйкес тиісті шаралар қабылдады. Солайша, дер кезінде қатаң карантин жарияланып, сақтық шараларын сақтаудың арқасында эпидемияның белең алуына жол берілмеді.

Мемлекет басшысы өз жұмысында халықтың денсаулығын қорғау, экономиканың тұрақтылығы мен даму қарқынын сақтау, білім беру салаларын басты назарда ұстады. Соған сәйкес маңызды шешімдер жедел қабылданып, оны жүзеге асыруды Үкімет пен әкімдерге жүктеп, нәтижесін жіті қадағалап отырды. Ең алдымен, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында шұғыл түрде жаңа модульдік жұқпалы аурулар ауруханалары, провизорлық стационарлар салынды. 4,5 миллионнан астам адамға 42500 теңгеден қаржылай көмек көрсетілді. 1 миллионнан астам азаматқа азық-түлік пен тұрмыстық заттар үлестірілді. Аймақ әкімдері азық-түлік пен қызмет түрлерінің бағасын бақылау жұмыстарын белсенді жүргізді. Соның арқасында еліміздің азық-түлік қоры Қазақстан халқының қажеттілігін толық қамтамасыз ете алды.

Сонымен қатар халық тұрмысына тікелей әсер ететін коммуналдық төлемдердің тарифі төмендетілді. Оны төлеу үшін аса мұқтаж жандар қосымша көмек алды. 2 миллионға жуық азаматтың несие төлеу мерзімі кейінге шегерілді. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне Ұлттық банкпен бірлесіп, қазақстандық бизнеске несие беру көлемін азайтпау жөнінде шаралар қабылдауға тапсырма берілді. Қолжетімді несие беру, көктемгі егіс науқанын жүргізу, жұмыс орындарын ашу және сақтау үшін айтарлықтай қаражат бөлінді. Төтенше жағдай кезінде екінші деңгейдегі банктер әлеуметтік-экономикалық ахуалдың тұрақтануына өз үлесін қосты деуге болады. Ең алдымен, банктер кәсіпкерлерге және азаматтарға берген несие мен қайтару мерзімін 3 айға шегерді. Табысынан айырылған азаматтар үшін бұл үлкен көмек болды.

700 мыңнан астам компания мен кәсіпкерлердің салық жүктемесі азайтылды. Сол арқылы олар 1 триллион теңгеге жуық қаржы үнемдеуге мүмкіндік алды. Осы ретте 2020 жылы 492,5 мың педагогтің жалақысы 25 пайызға өскенін атап өткім келеді. 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап еңбекақы тағы да 25 пайызға ұлғайтылмақ. Ал педагогикалық бағытта білім алып жатқан студенттердің стипендиясы 26 мыңнан 42 мың теңгеге дейін көбейді.

Денсаулық сақтау саласы бойынша дәрігерлердің еңбекақысын көтеру бойынша жұмыс жалғасып жатыр. Эпидемияға қарсы іс-шараларға тартылған медицина қызметкерлерін ынталандыру және материалдық қолдау мақсатында коронавируc жұқтыру қаупінің дәрежесіне қарай жалақыларына үстемасы қосылды. Осы мақсатта биыл 196,5 миллиард теңге бөлінді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен коронавируcқа қарсы QazCovid-in вакцинасы әзірленіп жатыр.

Сонымен қатар дағдарысқа қарсы «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» бағдарламасы іске қосылды. Оны жүзеге асыру үшін 1 триллион теңге бөлінді. Пандемияның ауыртпалығына қарамастан, өндіріс көлемі 1,5 есе, ауыл шаруашылығының өнімділігі 2,5 есе, экспорт 2 есе ұлғайды. Осы ретте арнайы тоқталып кететін бір мәселе ретінде IT және туризм салаларына тартылған ірі көлемдегі инвестицияны айта кету керек. Соның нәтижесінде 300 мың жаңа жұмыс орны



**ПРЕЗИДЕНТТІҢ
БАСПАСӨЗ ХАТШЫСЫ
БЕРІК УӘЛИМЕН СҰХБАТ**

ашылмақ. Жалпы Қазақстан Президентінің тапсырмасымен Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссия 500-ге жуық маңызды шешімді жүзеге асырды.

Мемлекет басшысы биылғы жылды «Волонтер жылы» деп жариялағанын білесіздер. Пандемия кезінде волонтерлер еліміз үшін аса қажетті, пайдалы жұмыс атқарды. Осы ізгі іске тартылған волонтерлердің қатары 100 мың адамнан асты. Олар ешқандай қауіп-қатерге қарамай, дәрігерлерге, әскери қызметшілерге, қарапайым азаматтарға көмектесті. Birgemiz Фронт-офисі және волонтерлердің Qazvolunteer.kz онлайн-платформасы ашылды. Қайырымдылық туралы заң дайындалып жатқанын айтуға тиіспіз. Сонымен қатар волонтерлік қызмет еңбек өтіліне қосылып, оқу орындарына түсерде басымдыққа ие болады. Волонтерлерге салықтық және басқа жеңілдіктер жасалады. Президент еріктілердің еңбегін нағыз өрлік деп бағалады.

Қасым-Жомарт Кемелұлы пандемиядан қайтыс болған азаматтарды еске алу үшін 13 шілдені жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялады. Осы күні Мемлекет басшысы Ақорда резиденциясының алдында коронавирустан қаза болған адамдарды еске алды. Мұны өліге құрмет, тіріге өнеге болған игі іс деп санаймын.

Қасым-Жомарт Кемелұлы карантин талаптарын қатаң сақтауды өзінен бастап, өзгелерге үлгі көрсетті. Айталық, Президент биылғы шетелдік және ел ішінде жоспарланған ресми және жұмыс сапарларын кейінге шегерді. Мемлекеттік қызметшілер мен басқа да лауазымды тұлғалардың шетелдерге іссапармен баруына тыйым салынды. Тек азаматтарымыздың және мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған сапарларға ғана рұқсат берілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бюджет қаражаты халықты жұмыспен қамтуға, шағын және орта бизнесті қолдауға бағыттау үшін қайта қаралды. Атап айтқанда, жоспарланған барлық іс-шаралар онлайн форматқа көшірілді. Еліміз бойынша қашықтан оқу, қашықтан жұмыс істеу тәсілі енгізілді. Пандемия кезіндегі үнемделген қаражат экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, дағдарыстан зардап шеккен халықтың әл-ауқатын арттыруға және басқа игі істерге жұмсалды. Президенттің тапсырмасы бойынша пандемияның салдары мен экономикалық дағдарысты еңсеруге 5,9 триллион теңге көлемінде қаржы бөлінді. Біз бұл арада Президенттің пандемия кезіндегі жұмысының бір парасын ғана айтып өттік. Ең бастысы, Мемлекет басшысы осынау қиын-қыстау кезеңде халықпен бірге, жұртпен қатар талмай-тынбай еңбек етті.

– Пандемия халықаралық қатынастарды тежеуші факторға айналды: көптеген маңызды іс-шаралар кейінге қалдырылды немесе онлайн форматта өткізілді, екіжақты байланыстардың белсенділігі біршама азайды. Әлемде халықаралық және өңірлік ахуал шиеленісе түсті. Мемлекет басшысы сыртқы саяси аренада Қазақстанның ұлттық мүдделерін қалай қорғады?

– Дұрыс айтасыз, коронавирус пандемиясы халықаралық қатынастардың даму үдерісіне салқынын тигізді. Есесіне онлайн саммиттер форматын қолдану,

телефон арқылы әңгімелесу тәжірибесін арттыру және жазбаша хаттар жолдау сияқты дипломатиялық жаңа стандарт кеңінен қолданылды. Жалпы, Президент жыл ішінде 9 халықаралық жиынға қатысып, телефон арқылы 30-дан астам елдің басшыларымен сөйлесті. Шетелдің 15 елшісінен сенім грамоталарын қабылдады. Дәл осындай қиын-қыстау сәтте сыннан сүрінбей өту үшін Қазақстан алыс-жақын шет мемлекеттермен арадағы ынтымақтастықтың жоғары қарқынын сақтауға, оның ішінде, заманауи қауіп-қатерлерді бірлесе шешуге ерекше көңіл аударды. Сондай-ақ осы дағдарыс кезеңі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың әрбір Қазақстан азаматының және бизнестің мүдделерін сыртқы саясатпен үйлестіру туралы ұстанымын айқын көрсетті. Мәселен, Мемлекет басшысы ақпан айында бекіткен Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасында отандық дипломатия қызметінің практикалық, ең алдымен, экономикалық аспектілеріне баса мән берілді.

Әрине, Президенттің шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың басшыларымен жүргізген барлық келіссөздерінде пандемияның әртүрлі салдарына қарсы тұру үшін күш жұмылдыруға назар аударғаны баршаға аян. Пандемия кезінде, ең алдымен, шет мемлекеттерде қалған азаматтарымызды елге аман-есен жеткізу жұмыстары қолға алынды. Шекаралардың жабылып, өуе қатынастары тоқтатылып жатқанда бұл алғашқы сәтті қадамдардың бірі болды. Шетелдік әріптестермен орнатылған тиімді ықпалдастықтың арқасында мыңдаған азаматтарымыз отанымызға аман-сау оралды. Сонымен бірге Қазақстанда қалған шетелдіктерге тиісті көмек көрсетілді. Осындай сын сағатта шетелдік серіктес мемлекеттермен өзара ықпалдастықтың арқасында елімізде сырттан үлкен көлемде гуманитарлық көмек тартылып, кәсіби дәрігерлер келді. Олардың ішінде Ресей, Қытай, Түркия, Қатар және т.б. достас мемлекеттер бар. Қазақстан да халықаралық қоғамдастықтың жауапты мүшесі ретінде Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Қытай және Италия сияқты жақын көршілес және серіктес мемлекеттерге қол ұшын созды. Елімізге коронавируcқа қарсы тиімді және қолжетімді вакциналар алу, жасау және өндіру саласында нақты жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі таңда осы бағытта Ресеймен тығыз ықпалдастық орнатылды.

Президент өзінің сыртқы саясатқа қатысты жұмысында ашықтық, прагматизм және ымыраға келу секілді тәсілдерді қолдану арқылы Қазақстанның ұлттық мүдделерін сенімді қорғайды. Бұл тәсілдің тиімділігі мамыр айында Өзбекстандағы Сардоба су қоймасының бұзылуына байланысты төтенше жағдай кезінде анық көрінді. Екі елдің түсінісі жұмыс істеуінің арқасында су тасқынының салдарын қысқа мерзімде жою мүмкін болды.

Тағы бір мәселеге назар аударғым келеді. Жоғары еуразиялық экономикалық кеңестің 19 мамырда өткен отырысы естеріңізде болар. Сол кезде «2025 жылға дейінгі Еуразиялық экономикалық интеграцияның стратегиялық даму бағыттары туралы» құжаттың жобасы ұсынылды. Қасым-Жомарт Кемелұлы аталған құжатқа ұлттық мүддеміз тұрғысынан қарап, оның кейбір бөлімдерін қайта пысықтап, әлі де ширата түсу керек екенін айтты. Мемлекет басшысы құжаттың Одаққа мүше елдер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты қамтуы керек екенін жеткізді. Бұл тұрғыда Қазақстанның түбегейлі ұстанымы Одақты «саясаттандырмау» екенін атап өтті.

Мемлекет басшысының биылғы жұмыс кестесіндегі маңызды шараларға да тоқталып кетейік. Мысалы, Теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдер тобының қазіргі төрағасы ретінде Қазақстан Президенті мамыр айында БҰҰ-ның «COVID-19 дәуірінде және одан кейінгі кезеңде дамуды қаржыландыру» атты жоғары деңгейдегі онлайн іс-шарасына қатысты. Әлемдік деңгейдегі тағы бір маңызды шара ретінде Мемлекет басшысының қыркүйек айында БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-ші мерейтойлық сессиясының жұмысына қатысуын айтуға болады. Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясы 75-сессиясының жалпы саяси дебаттарында сөйлеген сөзінде COVID-19 індеті салдарынан туындаған дағдарысқа қарсы қабылдануға тиісті шараларды атай келіп, Аурулар мен биологиялық қауіпсіздікті бақылау жөніндегі өңірлік орталықтар желісін құру идеясын ұсынды. Осы ретте Қазақстан мұндай орталықтың бірін өз аумағында ашуға дайын екенін жеткізді. Сонымен қатар әлемді жаулаған жаһандық пандемияға байланысты биологиялық қаруды бақылау жүйесін әзірлеу және іске қосу мәселесінің өзектілігіне тоқталып, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің алдында есеп беретін арнайы көпжақты орган – Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру жөнінде ұсыныс жасады.

Шетелдік көшбасшылар Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды саяси және экономикалық реформаларға оң бағасын беріп жатыр. Атап айтқанда, еліміздің Өлім жазасын жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің екінші Факультативтік хаттамасына қол қою туралы Мемлекет басшысының шешімі жоғары бағаланды.

АУҚЫМДЫ ІС АТҚАРЫЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың көш-басшылығымен ұлттық дипломатия елдің тәуелсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын, сыртқы саяси бағытының дербестігін сақтай отырып, өзгермелі құбылыстарға тез бейімделді. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасы өзінің беделін Еуразия құрлығының геосаяси және геоэкономикалық жүйесінде және Орталық Азия өңіріндегі жетекші мемлекет ретінде нығайтты. Әрине COVID-19 індетінің қатал сынақтары қазақстандық дипломатияның алдына жаңа міндеттер қоюда. Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саяси қызметінің негізін қалаушылардың бірі ретінде Мемлекет басшысы дағдарыстан кейінгі жаңа әлемдегі ұлттық даму міндеттерін ескере отырып, еліміздің халықаралық деңгейдегі беделін нығайтуды көздеді.

– Өңірлердегі жағдай Мемлекет басшысының үнемі бақылауында. Биыл Қасым-Жомарт Кемелұлы бірқатар облысқа жұмыс сапарымен барды. Осы сапарлардың мәні мен маңызына тоқтала кетсеңіз.

– Әрине, Мемлекет басшысы еліміздің бүкіл өңіріндегі ахуалды жіті бақылап отырады. Қасым-Жомарт Кемелұлы ел мен жердің тағдырына, халықтың тыныс-тіршілігіне әрдайым баса мән беретінін өздеріңіз де білесіздер. Әр өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бірдей көңіл бөліп, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған шаралар қабылдайды, тиісті тапсырмалар береді. Биыл да ауыр жағдайға қарамастан 9 рет өңірлерге жұмыс сапарымен барды. Президент облыстарға жұмыс сапарын жоспарлағанда өңірлердегі қалыптасқан ахуалды өз көзімен көріп, індетке қарсы күресіп жатқан жұртшылықпен жүзбе-жүз кездесуді жөн көрді. Мемлекет басшысының өңірге арнайы жұмыс сапарымен келуі дағдарыс тауқыметін тартқан халыққа сенім беріп, еңселерінің түспеуіне ықпал етті деп ойлаймын. Мысалы, жыл басында Жамбыл облысына барды. Онда аймақтың тыныс-тіршілігімен танысып қана қоймай, Қордай ауданындағы жалпыға белгілі оқиғадан кейінгі атқарылған жұмыстардың барысын көрді. Ақмола облысына жұмыс сапары кезінде өңірдегі көктемгі егін егу жұмыстарымен, ауыл шаруашылығын, оның ішінде егін және мал шаруашылығын дамыту жоспарымен танысты. Түркістан облысына жасаған сапарында Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстанның Сардоба су қоймасының бұзылуынан зардап шеккен Мақтаарал ауданының ахуалымен, былтырғы Арыстағы жарылыстың салдарын қайта қалпына келтіру жұмыстарымен танысып, өз көзімен көрді. Бұған қоса, бүгінде қарқынды құрылыс алаңына айналған Түркістан қаласындағы атқарылып жатқан жұмыстарға куә болды. Одан кейін Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарына барды. Бұл екі өңір елімізді астықпен қамтамасыз ететін негізгі облыстар екені мәлім. Қазіргідей дағдарыс жағдайында халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету – негізгі мәселелердің бірі. Сонымен қатар ауылдағы жастарға жағдай жасап, оларды жұмыспен қамту да – өзекті міндет. Осындай мәселелерді ұдайы назарда ұстаған Мемлекет басшысы аймақтарға арнайы барып, егістік алқаптарын аралап көрді. Ал Алматы қаласына жұмыс сапарымен барғанда індетпен күресте алғы шепте жүрген дәрігерлермен кездесті. Қаладағы медициналық-демографиялық ахуал мен COVID-19 індетіне қарсы күресу үшін қабылданған шараларды көрді. Өндіріс орындарын аралап, жасалған жұмыстарға оң бағасын берді. Биыл Әбу Насыр әл-Фараби, Абай Құнанбайұлы сынды біртуар тұлғаларымыздың мерейтойлары ЮНЕСКО деңгейінде кеңінен аталып өтті. Пандемия салдарынан жоспарланған іс-шаралардың дені онлайн режимде өткізілді. Дегенмен Мемлекет басшысы хакім Абайдың 175 жылдық мерейтойына арналған Семейдегі жиынға арнайы барып, ұлы ақынның рухына тағзым етті. Сонымен бірге Абай мен оның ұлдарына арналған «Ұлы ақын Абай ұлдарымен» атты ескерткіштің ашылу рәсіміне қатысып, «Жидебай-Берілі» мемориалдық кешенінде болды. Абайтанушы ғалымдармен кездесіп, келелі кеңес құрды. Сондай-ақ Абайдың кіндік қаны тамған киелі мекендегі атқарылған игі жұмыстармен танысты. Қараша айында Қарағанды облысына жұмыс сапарымен барып, жаңадан салынған 1200 орындық мектеп-гимназияны және бірқатар спорт нысандарын аралап көрді. Мемлекет басшысының бірқатар облысқа жұмыс сапарымен баруы өңірді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамытуға, пандемия салдарымен күресуге және халықтың денсаулығын қорғауға бағытталған жұмыстардың жүйелі орындалуына зор ықпал етті деуге болады.

Бурынғы қалыпты өмір кезінде Мемлекет басшысы Үкімет мүшелерін жоспарға сәйкес қабылдап, атқарған жұмыстарының есебін алатын болса, биыл оларды жиі қабылдап, сәт сайын тапсырма беріп, жасалған жұмыстардың нәтижесін бақылады. Жалпы, Президент өзі жүктеген міндеттердің орындалуын бақылау мақсатында жыл ішінде Үкімет мүшелерімен, мемлекеттік органдардың, өңірлердің және басқа әртүрлі ұйымдардың

басшыларымен 200-ден аса кездесу өткізді.

Осы жақында Президент Ақордаға барлық әкімді жинап, кеңес өткізіп, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық ахуалына баға беріп, халықты жұмыспен қамтуға, дағдарыс кезінде елдің тұрмыс жағдайын қалыпты ұстап тұруға қатысты нақты тапсырмалар берді.

– Мемлекет басшысы ақпараттық кеңістікті үнемі бақылауда ұстайды. Әлеуметтік желілердегі парақшаларына көңіл бөледі. Біз Президенттің твит арқылы министрлерге, әкімдерге тапсырма беретінін білеміз. Осы тапсырмалар қаншалықты орындалады?

– Естеріңізде болса, Қасым-Жомарт Кемелұлы сайлауалды бағдарламасында да, 2019 жылғы Жолдауында да «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы туралы айтты. Жалпы, Мемлекет басшысының бұл тұжырымдамасын қалың жұртшылық жақсы қабылдады. Осы ретте Президент әлеуметтік желі арқылы еліміздің бүкіл өңірінде болып жатқан түрлі оқиғаларға, түйткілдерге дер кезінде үн қатып, тиісті тапсырма береді. Әсіресе әлеуметтік желілер арқылы елдің тыныс-тіршілігінен хабардар болып отырады. Яғни бұл – Президенттің қоғамдағы болып жатқан әр проблеманы естіп, біліп, көріп отырғанының белгісі. Мұндай жұмыс стилі уақыт үнемдеу тұрғысынан өте тиімді екенін көрсетті. Себебі берілген тапсырмалар дер кезінде назарға алынып, тиісті шешімін табады. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік желі арқылы тапсырма беруді қолайлы санайды. Осы жылы Президенттің твиттер парақшасында жалпы саны 630-дан астам твиті, инстаграмда 30 жазбасы жарияланды. Айталық, Қасым-Жомарт Кемелұлы Ақмола облысындағы «Көбейтүз» келіне келтірілген зиянды өрекеттерге алаңдаушылық білдіріп, тиісті министрліктерге тапсырма берді. Соның нәтижесінде көрікті жердегі келеңсіз өрекет тоқтатылды. Бүгінде экологиялық ағарту жұмыстары жүргізілуде. Президент бірқатар депутаттар мен патриот азаматтардың Мемлекеттік рәміздерді, әсіресе Туды күнделікті өмірде кеңінен қолдану туралы ұсынысына назар аударып, Үкіметке қолданыстағы заңнамаларға өзгеріс енгізуді тапсырды. Соның нәтижесінде, Туды қоғамдық, көпшілік орындарда, үйлердің балконына ілуге рұқсат берілген Үкімет қаулысы шықты. Президенттің тікелей араласуымен Маңғыстау облысындағы Бозжыра қорығы аумағында салынатын қонақүйдің құрылысы қайта қаралады. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Кемелұлы Алматы қаласы Төле би көшесіндегі ағаштардың оталғанына қатысты жағдайға назар аударып, қала әкіміне қызметтік тексеру жүргізіп, кінәлілерді жауапкершілікке тартуды тапсырды. Жыл ішіндегі осындай жұмыстарды көптеп келтіре беруге болады. Дегенмен мұның бәрі елдің көз алдында өтіп жатқаннан кейін барлығын бірдей тізіп шығу міндет емес шығар деп ойлаймын.

Осы арада Президенттің akorda.kz сайтындағы Виртуалды қабылдауына да жұртшылықтан көптеген талап-тілектер, әртүрлі өтініш хаттар келетінін айта кеткен жөн. Бүгінге дейін азаматтардан 19 мың 500-ге жуық өтініш келіп түсті. Оның ешқайсысы назардан тыс қалмайды.

Қорыта айтқанда, жалпы осы кезеңдегі орындалған тапсырмаларды саралай отырып, Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы өз деңгейінде жүзеге асырылып жатыр деп айтуға толық негізі бар.

– Иә, Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдасын жариялағалы мемлекеттік органдар ашық болуға, елдің алдына көбірек шығуға тырысып жатыр деуге болады. Олар азаматтардың өтініштеріне жылдам жауап беріп, БАҚ пен әлеуметтік желілерде тығыз байланыс орнатып жатыр. Президенттің баспасөз қызметі осы Тұжырымдаманы іске асыруда қандай рөл атқарады?

– Мемлекет басшысының аталған тұжырымдамасынан кейін мемлекеттік органдардың басшылары әлеуметтік желілерде ресми аккаунттарын ашып, кейбірі жеке байланыс телефондарын жариялау арқылы халықпен жедел кері байланыс орнатуға көңіл бөле бастады. Мұны халыққа қызмет көрсетудің, жұртшылықпен байланыс орнатудың озық үлгілерінің бірі деуге болады. Бұл атқарушы билік өкілдерінің халықпен қарым-қатынасы айтарлықтай ілгерілегенін көрсетеді. Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құру тұжырымдамасы аясында билік өкілдерінің халықпен кездесулері артып, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау оңтайлана түсті. Осы ретте, Қасым-Жомарт Кемелұлы қоғам қайраткерлерімен және ғалымдармен 23 кездесу өткізді. Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі аталған тұжырымдаманың іске асырылуына, қоғаммен диалог орнатуға зор үлес қосып келеді. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде білім беру және денсаулық сақтау мәселелері, сондай-ақ, саяси жаңғырудың негізгі

бағыттары талқыланды. «Бейбіт жиындар туралы» жаңа заң қабылданып, «Саяси партиялар туралы», «Сайлау туралы» заңдарға өзгертулер енгізілді. Ұлттық кеңестің бастамасымен тоғыз заң қабылданды. Тағы жеті заң жобасы қаралып жатыр.

Сонымен қатар осы жылы Президенттің 3 мақаласы, отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарына берген 7 сұхбаты жарияланды.

Президенттің баспасөз қызметі барлық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардағы баспасөз қызметімен тығыз жұмыс істейді. Баспасөз қызметі осылайша Тұжырымдама ғана емес, Президент бастамаларының, оның берген барлық тапсырмаларының, өзі атап көрсеткен түйткілді мәселелердің бұрмаланбай, елге түсінікті әрі дер кезінде жетуін қамтамасыз етеді. Осы ретте әлеуметтік желі арқылы жұртшылықтың ой-пікірлерін, ұсыныстарын, талап-тілектерін саралап отырады.

Баспасөз қызметі Президенттің айтқан келелі ойларын, тұжырымдарын, қанатты сөздерінен видеоүзінділер мен модульдер жасап, жұртшылыққа таратып отыр. Сонымен қатар Мемлекет басшысының апталық жұмысының қорытындысы бойынша бейнероликтер дайындалып, таратылуда.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан Президенті қызметіне кіріскенде халыққа «Сабақтастық, Әділдік, Өрлеу» деген басты үш ұстанымды негізге алатынын айтты. Осыған орай биылғы наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметі Мемлекет басшысының 1 жылдық жұмысының қорытындысы ретінде «Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» деген атпен 4 томдық жинақ шығарды. Бұл Мемлекет басшысының бір жылда атқарған жұмысын бір жерге жинақтап, болашаққа аманаттау ниетінен туған игі іс деп ойлаймын. Мұндай жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса береді.

Сөз орайы келгенде айта кетейін, биыл akorda.kz сайтында Мемлекет басшысының қызметі бойынша 442 ақпараттық хабарлама, Президенттің түрлі жиындарда сөйлеген сөздері мен үндеулерінен 25 ақпарат және Қазақстан халқына арналған 1 Жолдауы жарияланды. Осындай ақпараттың алаңына, жаңалықтың жаршысына айналған akorda.kz сайты алдағы жылдан бастап жаңарып, заманға лайықталып, жаңа дизайнмен шығатынын айтқан да абзал шығар.

– Жылдың соңында Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысы өтті. Бұл көптен бері ғалымдардың да, жалпы зиялы қауымның да күткен саяси шешімі еді. Комиссияға артылған жүк белгілі, ал нәтижесі қандай болуы керек?

– Иә, бұл қазақ халқы үшін көптен күткен ақжолтай жаңалық болды. Себебі елімізде нәубет зардабын тартпаған отбасы жоқ. Өзіңіз айтқандай, ғалымдар да, зиялы қауым өкілдері де аталған мәселені көп уақыттан бері көтеріп келеді. Сондықтан Президенттің бұл шешімін бүкіл халық зор қуанышпен қабыл алды деп ойлаймын.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы қуғын-сүргін, ашаршылық зобалаңы ел тарихында қасіретті кезең болғаны баршаға белгілі. Ғалымдарымыз қазақ даласында 300-ден астам ұлт-азаттық көтерілісінің болғанын айтады. Халқымыз бастан кешкен бұл тауқыметті жылдар ақтандақтар кезеңі деп аталып кетті. Сондықтан тарихи әділдікті қалпына келтіріп, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Мемлекет басшысы биылғы 30 мамырда үндеу жариялады. Президент сол үндеуінде «Жазықсыз жапа шеккендерді толық ақтау баршамыздың перзенттік борышымыз» деп атап өтіп, қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінде бүгінге дейін жүргізілген жұмыстарды соңына дейін жеткізуді тапсырды. Соның нәтижесінде Президент Жарлығымен арнайы мемлекеттік комиссия құрылып, 3 желтоқсанда оның алғашқы отырысы өткізілді. Мемлекеттік комиссия құрамында Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі мен Үкіметінің өкілдері, Қазақстан Республикасының Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, мүдделі мемлекеттік ұйымдардың басшылары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен еліміздің ғалымдары бар. Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев төрағалық ететін Комиссияға 49 азамат мүше боп кірді.

Мемлекеттік комиссияның басты міндеті – кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарына қатысты тарихи әділеттілікті толық қалпына келтіру. Келер жылы Қазақстанның Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толады. Осы айтулы мереке қарсаңында Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен Қазақстанның еркіндігі, тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы үшін күрескен, сол үшін құрбан болған зардап шеккен тұлғаларды мемлекеттік деңгейде ақтаудың мәні зор деп ойлаймыз. Комиссия қуғын-сүргін кезеңіне қатысты материалдарды жан-жақты әрі көшенді зерттеп, жазықсыз құрбан болған азаматтарды заңды және саяси тұрғыдан толық ақтайды деп сенеміз.

НАМ УДАЛОСЬ ВЫЙТИ НА ПРЕДПАНДЕМИЧЕСКИЙ УРОВЕНЬ

Интервью с заместителем премьер-министра РК Ералы Тугжановым

Окончание. Начало в №51

– Помимо борьбы с коронавирусом, казахстанцев волнуют и другие вопросы. Например, занятости и уровня зарплат. В этом году сотрудники ряда компаний выступили против низкой зарплаты. Особенно в регионах. Что предпринято для повышения оплаты труда?

– Трудовые споры имели место в основном в нефтесервисных компаниях. В связи с этим при Правительстве создана рабочая группа. Рабочая группа и госорганы, нацкомпании определили вопросы, вызвавшие недовольство работников. В августе утвержден План действий по урегулированию этих вопросов. С начала 2021 года обеспечено заключение более 8,5 тысячи новых коллективных договоров, предусматривающих допльготы и компенсации для работников. Всего по стране заключено 153 тысячи коллективных договоров, охват на крупных и средних предприятиях составил 98%. На 911 предприятиях страны достигнуто повышение зарплат более чем 600 тысяч работников в среднем на 25%. Восстановили и выплатили 5,2 млрд тенге зарплаты 23 тысячам работников около одной тысячи предприятий. Это способствовало полному разрешению всех трудовых споров с начала года. В целом по сравнению с началом года размер средней зарплаты вырос на 4%, или с 233 тысяч тенге до 243 тысяч тенге. Зарплаты 883 тысяч работников бюджетной сферы, а это педагоги, медработники, работники культуры, архивов, искусства и соцсферы, повышены с 25% до 50%. Кроме того, в соответствии с поручением Главы государства с 2022 года минимальная зарплата будет увеличена с нынешних 42 500 тенге до 60 000 тенге. Наряду с этим, отдельным категориям, 591 тысяче гражданских служащих – работникам организаций культуры, архивного дела, персоналу – в период с 2022 по 2025 годы в среднем ежегодно будет повышаться зарплата на 20%.

– Также проблема трехсменных и аварийных школ для Казахстана все еще остается актуальной. Сколько времени понадобится, чтобы ее решить?

– Это одна из самых актуальных проблем в стране. Сегодня в стране 168 трехсменных школ, имеется 35 аварийных школ. Президент поручил построить 1 000 школ. С учетом демографического роста в 2025 году нехватка учебных мест, если не принять соответствующие меры, может достигнуть одного миллиона. Строительство новых школ осуществляется через ГЧП, строительство частных школ и за счет государства. Приоритет будет отдан строительству новых школ на 2 тысячи мест. До конца года будет сдано 311 школ, в том числе 145 школ – за счет госбюджета, 4 школы – за счет ГЧП, 162 частные школы. В рамках строительства 1 000 школ планируется обеспечить строительство 101 школы с использованием механизма ГЧП. В целом для решения проблемы аварийных и трехсменных школ, а также устранения нехватки мест Минобразования совместно с акиматами областей, Нур-Султана, Алматы и Шымкента разработан План строительства школ на 2021-2025 гг. Согласно плану, в 2021-2025 гг. планируется построить 1 080 школ для покрытия нехватки мест и решения проблемы трехсменного обучения. Эта работа находится под постоянным контролем Правительства.

– В последние годы в ряде стран мира наблюдается тенденция разделения образования и науки на два уч-

реждения. Европейские страны, Россия перешли к этой практике. Пока что у нас есть одно министерство. Не пора ли нам перейти к мировому опыту?

– Развитие науки всегда было и остается одним из главных приоритетов госполитики. Сегодня разработка Научно-исследовательским институтом биобезопасности отечественной вакцины против коронавируса QazVac, которая защищает здоровье и безопасность казахстанцев, является не только свидетельством потенциала и успеха наших казахстанских ученых, но и фактором развития экономики. Финансирование науки из республиканского бюджета за последние два года увеличилось вдвое и в 2021 году составило 83,1 млрд тенге, что примерно на 20 млрд больше по сравнению с 2016 годом, их доля в ВВП составляет 0,13%. В настоящее время реализуются более 1 300 исследовательских проектов, из которых над 315 проектами работают молодые ученые. Ученым на стажировку в ведущих мировых исследовательских центрах было присуждено 500 грантов. Ежегодно молодые ученые получают 1 000 грантов на исследования.

Помимо этого, внесены законодательные изменения. Согласно им, зарплаты ведущих ученых включены в базовое финансирование с 2022 года. Научно-исследовательские институты, занимающиеся фундаментальными исследованиями, обрели прямое финансирование. Срок финансирования грантов будет увеличен до 5 лет. Будет создан институт апелляции, где можно будет обжаловать решения ученых советов. Это изменение, которых наши ученые ждали давно. Кроме того, в ближайшее время будут приняты систематические меры по реформированию науки. В рамках национального проекта «Технологический прорыв за счет цифровизации, науки и инноваций» предусмотрены меры по укреплению кадрового потенциала науки в 1,5 раза, увеличению вклада науки в развитие страны, позицию Казахстана по «Научно-исследовательским институтам» в Индексе глобальной конкурентоспособности Всемирного экономического форума (ГЭФ ВЭФ) поднять на 70-ое место (в 2020 году – 82 место). Все это повысит эффективность исследований и максимально эффективно развитие отечественной науки в целом.

– Бесспорно, важна работа с архивами. Сейчас запущен ряд программ по изучению и систематизации истории нации, такие как «Культурное наследие», «Архив-2025», из-за границы завезены новые научные документы. Что можете сказать по поводу этого направления?

– В рамках реализации госпрограммы «Мәдени мұра», разработанной по инициативе Первого Президента РК – Елбасы Нурсултана Назарбаева, была раскрыта возможность использования из фондов и архивов дальнего зарубежья первоисточников документов, касающихся истории Казахстана, официальной деловой документации, нормативных документов, сведений из сборников исторических источников, материалов печати, научных исследований, фольклорных произведений. В результате проведенных мероприятий по поиску и приобретению из архивов иностранных государств документов и копий, имеющих историческую и культурную ценность для истории Казахстана, увеличился Национальный архивный фонд. В частности, на основании Плана мероприятий по реализации госпрограммы на 2004-2006 гг. в архивах, библиотеках и научных учреждениях Египта, Турции, Франции, Венгрии, Польши, Германии, Великобритании, США, России, Китая, Узбекистана проведена работа по поиску документов, завезены копии историко-культурных архивных документов, редких книг и рукописей, относящихся к казахской истории. В настоящее время

все эти историко-культурные документы введены в научный оборот трудами ученых исследователей и опубликованы в книжном виде. Для реализации программной статьи Первого Президента РК «Семь граней Великой степи» постановлением Правительства утвержден план мероприятий по реализации проекта «Архив-2025» на 2020-2025 гг. Были рассмотрены меры по организации научно-исследовательской работы по выявлению и приобретению копий документов и материалов по истории Казахстана в отечественных и зарубежных архивах, музеях, библиотеках и научных центрах, их внедрению в научный оборот. В результате предусмотрены мероприятия по приему на госхранение документов, приобретенных на базе Национального архива РК и созданию единой базы данных. В рамках комплексного плана поисковые группы, проводящие работу по поиску копий документов и материалов по истории Казахстана, в течение последних двух лет не выезжали за рубеж. После стабилизации эпидситуации в мире будут реализованы научные экспедиции за границу. Для проведения работ по переводу документов, касающихся истории Казахстана, в цифровой формат даны поручения по укреплению материально-технической базы госархивов. Основная цель перевода привезенных документов в цифровой формат – сделать их дистанционно доступными исследователям.

– В этом году исполнилось 30 лет нашей Независимости. Как гражданин Казахстана, что бы вы назвали главными достижениями?

– Независимость – это победа, добытая горьким потом. Это великий день, которого мы достигли благодаря упорству в достижении великой цели. Главным достижением нашей Независимости является стабильность. Именно стратегия стабильности, взятая Елбасы за основу развития государства, дала возможность нам достигнуть нынешних высот. Во-первых, самая большая работа, проделанная для обеспечения стабильности, возможность нашего народа жить в мире – это узаконивание границ нашей страны. За этим историческим фактом кроется сильная политическая воля, верность народу и глубокая дипломатия Первого Президента РК. Во-вторых, в основе стабильности лежат гармония нашего общества, единство народа, величие нашей нации. По инициативе Нурсултана Назарбаева создана Ассамблея народа Казахстана, которая известна всему миру как модель согласия Назарбаева. В-третьих, благодаря гармоничному единству выросло доверие к нашей стране. Это доверие открыло путь для крупных инвесторов и способствовало развитию экономики. За 30 лет Независимости мы вошли в мировое сообщество как «страна дружбы» и стали «мостом согласия». Именно Нурсултан Назарбаев первым поднял вопрос об отказе от ядерного вооружения. Это положительно повлияло на судьбу человечества. Нас узнал и признал мир. Это – четвертое. За 30 лет Казахстан превратился в независимое, энергичное, равноправное суверенное государство. Елбасы на заседании Политсовета партии Nur Otan обозначил семь точек претворения в жизнь идеи «Мәңгілік ел». Семь столпов государственности – независимость, единство и согласие, святая земля, семья и традиции, национальная культура, образование и труд, прагматизм – это набор принципов, которые станут ориентиром для казахстанцев новой эпохи. Гармонично сочетающиеся друг с другом семь столпов, озвученные Первым Президентом, учат молодое поколение ценить настоящее и бережно хранить наше великое достижение – Независимость.

НЕОБХОДИМО РЕВАКЦИНИРОВАТЬ 9 МЛН ЧЕЛОВЕК В ПЕРВОМ ПОЛУГОДИИ 2022 ГОДА

Премьер-Министр РК поручил усилить работу по ревакцинации населения от КВИ, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«В настоящее время всего вакцинировано более 9 млн взрослого населения первым компонентом вакцины, это почти 80% взрослого населения. Вторым компонентом привито около 8,5 млн человек, это примерно 75% взрослого населения. Надо продолжить уси-

ливать работу по мас-со вой ревакцинации», - сказал

Премьер-Министр РК на заседании Правительства. Глава Правительства добавил, что в первом полугодии следующего года необходимо ревакцинировать 9 млн человек. «Министерства информации, здравоохранения и акиматы регионов прошу активизировать информационно-разъяснительную работу с населением по необходимости ревакцинации», - отметил Глава Правительства.

Ежедневно в среднем регистрируется до 500 случаев коронавирусной инфекции с положительным ПЦР-тестом и до 50 случаев с отрицательным ПЦР-тестом.

